

"Куәландыруши орталықта электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттерін жасау, пайдалану және сақтау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 27 қазандағы № 405/НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 95/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 28 наурызда № 32129 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Куәландыруши орталықта электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттерін жасау, пайдалану және сақтау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 27 қазандағы № 405/НҚ бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21549 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Куәландыруши орталықта электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттерін жасау, пайдалану және сақтау қағидаларын бекіту туралы қағидаларында:

1 және 2 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы куәландыруши орталықта электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттерін жасау, сақтау және пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өзірленді және бұлтты сервистерде электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттерін жасау, пайдалану және сақтау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) биометриялық сәйкестендіру – жеке басты физиологиялық және биологиялық өзгермейтін белгілері негізінде сәйкестендіретін шаралар кешені;

2) блокчейн – өзара байланысты деректер блоктарының, тұтастығын растаудың берілген алгоритмдері мен шифрлау құралдарының тізбектері базасында деректердің таратылған платформасындағы ақпараттың өзгермеуін қамтамасыз ететін ақпараттық-коммуникациялық технология;

3) көп факторлы сәйкестендіру – парольдерді немесе сәйкестендіру белгілерін (цифрлық сертификаттар, токендер, смарт-карталар, бір жолғы парольдердің

генераторлары және биометриялық сәйкестендіруші құралдар) құру мен енгізуді қоса алғанда, түрлі параметрлер комбинациясының көмегімен пайдалануышының шынайылығын тексеру тәсілі;

4) куәландыруши орталық (бұдан әрі – КО) – электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәланыратын, сондай-ақ тіркеу куәлігінің анықтығын растайтын заңды тұлға;

5) тіркеу куәлігін иеленуші (бұдан әрі – иеленуші) – өз атына тіркеу куәлігі берілген, тіркеу куәлігінде көрсетілген ашық кілтке сәйкес келетін жабық кілтті құқыққа сыйымды иеленетін жеке немесе заңды тұлға;

6) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦК) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы;

7) ЭЦК ашық кілті – кез келген тұлғаға қолжетімді және электрондық құжаттағы электрондық цифрлық қолтаңбаның төлнұсқалығын растауға арналған электрондық цифрлық нышандар дәйектілігі;

8) ЭЦК жабық кілті – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып, электрондық цифрлық қолтаңбаны жасауға арналған электрондық цифрлық нышандар дәйектілігі;

9) ЭЦК құралдары – электрондық цифрлық қолтаңбаны жасау және оның төлнұсқалығын тексеру үшін пайдаланылатын бағдарламалық және техникалық құралдардың жиынтығы;

10) бұлтты ЭЦК – куәландыруши орталықтың HSM-де электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттерін жасауға, пайдалануға, сактауға және жоюға мүмкіндік беретін сервисі, мұнда жеке кілтке қол жеткізуіді иеленуші кемінде екі аутентификация факторы арқылы қашықтан жүзеге асырады, олардың бірі биометриялық болып табылады;

11) хэш – еркін ұзындықтағы кіріс деректерінің құрылымын белгіленген ұзындықтың бит-ке түрлендіру;

12) (Hardware Security Module) аппараттық криптографиялық модулі (бұдан әрі – HSM) – ақпаратты шифрлауға және ЭЦК ашық және жабық кілттерін басқаруға арналған аппараттық криптографиялық модуль.";

20 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"КО көп факторлы аутентификациясыз бұлтты ЭЦК ЭЦК жабық кілттерін пайдалана отырып, электрондық құжаттарға қол қою мүмкіндігінің болмауын қамтамасыз етеді".

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Цифрлық шешімдер департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен мыналарды қамтамасыз етсін:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуі;

2) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыру;

3) осы бүйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрі

Б. Мусин

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК